

УДК 66.3 (5 к)

**ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ «ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК, САЯСИ ЖЕДЕЛ ЖАҢАРУ ЖОЛЫНДА» АТТЫ ЖОЛДАУЫН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

И.Н.Тұяқбаева, Б.С.Дәуірбекова<sup>Р</sup>  
ОҚМУ, Шымкент қ.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2005 жылдың 18 ақпанында «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік, саяси жедел жаңару жолында» атты Қазақстан халқына арнаған Жыл сайынғы Жолдауын үндеді. Аталған жолдау елдің экономикалық, әлеуметтік, саяси тұрғыда модернизациялануымен бірге 2005-2007 жылдарға дейінгі аралықтағы уақытқа арналған стратегиялық мазмұны бар жоспар болып табылады. Елбасы биылғы жылғы халыққа Жолдауында инновациялық экономика құру, шағын және орта бизнесті жетілдіру, аграрлық сала, білім, тұрғын үймен қамтамасыз ету, әлеуметтік жаңғыру, демократиялық жаңару оның ішінде елдің саяси өмірін реформалауды жетілдіруді, биліктік бөліністі өзін-өзі басқару институты арқылы жеделдетуді, сот жүйесінің маңыздылығын арттырады.

Қазақстан республикасының өзіндік тарихи даму жолын, ондағы стратегиялық басымдықтарды Елбасы Жолдауында белгіленген бағыттарды оқытуда студенттер өз бетінше талдау жүргізу қажет.

Елбасы алдағы уақытта атқарылар іс шаралар ағынын мынадай аспектілерде ашып көрсетеді, яғни олар- мемлекеттілікті нығайтуға, Қазақстанды осы заманғы демократиялық, құқықтық мемлекет ретінде дамытуға; еліміздегі және өңірдегі бекем тұрақтылықты орнатуға және өңірлік және халықаралық ынтымақтастықты дамытуға; жаһандану талаптарына сай экономиканы серпінді және шикізатты емес секторларды ілгерілетуге баса ден қоя отырып жаңа технологияларды дамытуға; білім беруді, кәсіптік даярлықпен әлеуметтік саланы 21 ғасыр деңгейіне көтеруге; азаматтық қоғамды дәйекті дамыта беруге, азаматтардың құқықтарымен бостандықтарын қамтамасыз етуге; қазақ халқының моралдық және рухани құндылықтарын ары қарай дамыта беруге; діни негіздегі жатсынбаушылық пен конфессия аралық келісімді қамтамасыз етуге; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске; лаңкестікке, есірткі саудасына, кез келген түрдегі экстремизмге қарсы жаһандық күреске бағытталады.

Қазақстан өзінің ішкі саясатындағы, әсіресе инновациялық экономиканы құру жолында экономиканы бәсекелі қабілетке бейімдей отырып шағын және орта бизнесті дамытуға, ақпараттық жетістіктерді пайдалануға, салалық кластерлерді түзуге, инвестициялық түсімдерге қолайлы жағдайды жасауға мүдделі; экономиканың инновациялық бағытта модернизацияға ұшырауы елдегі адам ресурсының қауіпсіздігіне, ондағы демографиялық потенциалдың ахуалына, ғылыми-білімдік жағдайға, халықтың әлеуметтік қорғалуы мен қамтамасыз етілуіне, әлеуметтік кәсіптік мобильділік пен еңбектік бөлінісі жағдайына, мәдени –рухани, діни толеранттылығына көңіл аударатыны сөзсіз; экономикалық жағдайы тұрақты, әлеуметтік ахуалы қолайлы елде саяси жаңаруға қол жеткізу анағұрлым тиімді болары даусыз.

Бүгінгі таңда шет елдерге шығарылатын тауарлардың –негізгі шикізаттар. Баршамызға әйгілі, шикізаттардың құны өңделген тауарлардан арзан. Сондықтан бұл бағдарлама шикізаттарды елімізде өңдеу және дүние жүзінде бәсекеге түсе алатын тауарлар шығаруды көздейді.

Осыдан жыл бұрын жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім 700 доллар болса, 2004 жылдың аяғында 2700 долларды құрауы көп жайды айғақтайды. Биылғы жылды 3 мың доллардан асыра қорытындылауға ұмтылыс нақты істердің жемісі. Ол бәріміздің көз алдымызда өтіп жатыр және күнделікті тұрмыста анық сезініп отырмыз. Осылардың ішіндегі ең айрықшасы және жете көңіл бөлініп отырғаны-әлеуметтік саланы ілгерілету.

Биылғы жылдың шілдесінен бастап ең төменгі зейнетақының 9200 теңге болып белгіленуі, жекелеген сырқаттар бойынша бес жасқа дейінгі балаларды тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, келесі жылдан бастап көп балалы аналардың кейбір санатына 4 мың теңге мөлшерінде жәрдемақы төленетіні нақты қамқорлық көрінісі.

Елбасы көңіл бөлген келелі мәселелердің бірі-білім беруді дамыту. «XXI ғасырда білімді дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық» деп бастап, білім берудің нақты әрі

тиімді жолдарын атап өтті. Шетелмен арадағы қарым-қатынас, білім саласына бөлінетін қаржы оқулықтар мен оқу құралдарының, оқу бағдарламасының сапасы, мұғалімдерінің беделі, бүгінгі таңда өзекті мәселелер болып табылады. Сондай-ақ білімді көтеруге жасалған нақты қадамды да біз елбасының осы жолдауынан айқын аңғардық. Студенттерге арналған мелекеттің білім гранттарын –50 пайызға, стипендияны 2 есеге арттыру жөніндегі Президенттің Үкіметке берген тапсырмасы-сан мыңдаған ата-аналардың сенімін арттыруға жоғары оқу орындарының жана тынысын ашуға себепті.

Әсіресе, білім беруге қаысты мәселелердің бірі-біраз жылдан бері созылып келе жатқан 12 жылдық оқу жүйесіне көшу 2008 жылдан бастап енгізетін болды. Жоғары оқу орындары әлемдік стандарттарға сай болуы, ұстаз-профессорларға қолдау білдіру, студенттердің білім алуына жағдай жасау, олардың жазғы демалыс кезінде жұмыс істеп, ақша табу мүмкіндіктерін құрастыру мәселелері қарастырылды.

Елбасы биылғы жылдан бастап әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдету үшін 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламаларын ұсынды. Онда көпбалалы аналардың, жаңа туған нәрестенің, оқушылар мен студенттердің, қызметкерлер мен зейнеткерлер, мүгедектер әлаукатын жақсартатын шаралар және оны шешу үшін қажетті ақшаның сомасы белгіленген.

Елімізде халықтың әлеуметтік жағдайын шешу жөнінде біраз мәселелер бар. Оның ішінде төмен зейнетақы мен жалақы алатындардың жағдайын жақсарту мәселесі көпшілікті ойында жүрген. Қазақстан барлық жағынан дамып, өркениетті елдердің қатарына қосылуға жақын қалды. Халықтың әлеуметтік тұрмыстық жағдайы жөнделсе, мемлекетіміз де өсіп өркендей береді. Тұрақтылық берік, ынтымағымыз жарасқан, бүгінгі табыстарымыз соның арқасында келіп отыр.

Жолдауда еліміздің сыртқы саясатына да ерекше мән берілді. Қазақстанның алыс-жақын шет елдермен қарым-қатынасын, ынтымақтастығын жалғастыра отырып, әрі қарай дамыту және лаңкестікпен күрес жүргізу, тағы басқа да мәселелер кең қамтыды.

Президент өз жолдауында 2008 жылы ішкі жалпы өнімнің көлемі екі есеге дейін өсетініне экономикалық негізі бар екендігін сенімді түрде алға тартты.

Ұлттық алтын-валюта қорымызды және ұлттық табыстарымызды қосқанда 14 миллиард АҚШ долларын құраған. Жеке тұлғалардың банктердегі салымдары 35 есе өссе, сол салымдардың көлемі әрбір қазақстандыққа шаққанда 37 есе артқан екен.

Елбасының қоғам өмірін демократияландыру үрдісі озық өркениетті елдердің дәстүрлерімен қатар, халқымыздың өзіндік мәдениетін, өзіндік менталитетін де ескере отырып жүргізілуі керектігін айтады.

Қорыта айтқанда, бұл жолдауда елімізде халактың әлеуметтік тұрмыстық жағдайын жақсарту мақсатында көп жұмыстар атқарылып жатқандығы айқын көрінеді. Біз қазір жаңару, жаңғыру үрдісін жасап жатқан елміз. Сондықтан бізге халықтың жағдайын жақсарту үшін, барлық жағдай жасалып отыр.

#### Әдебиет

- 1 Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында /ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.- Астана, 18 ақпан, 2005 ж.
- 2 Назарбаев Н.Ә. Жаңа кезең- жаңа экономика / лекциялар курсы. //Егемен Қазақстан.- № 310.-16 желтоқсан, 2004 ж.
- 3 Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге бейім экономика үшін, бәсекеге дайын ұлт үшін /ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.- Астана.-19 наурыз, 2004 ж.

#### Резюме

В этой статье отражены основные положения Послания Президента РК Н.А.Назарбаева на 2005 год “Казakhstan на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации”.

#### Summary

This article is about main attitudes of President's annual appear on 2005 year “Kazakhstan on the way of fast economic, social and politic modernization”.